

Сұлукөл жалпы орта білім беретін мектебі»КММ

«Қамқоршылық кеңес» отырысының

ХАТТАМАСЫ №2

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Сапалы білім беру бойынша І- тоқсан қорытындысы.
2. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту мәселелері
3. Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыруға көмектесу.
4. Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету.

Тыңдалды:

1-мәселе Сапалы білім беру бойынша 2023-2024оқу жылының І тоқсан қорытындысы туралы мектеп директоры Утегенова А.сөз сөйледі: Мектепте барлығы 106 оқушы. Оқу озаты-28 оқушы, оқу екпіндісі-25 оқушы І тоқсан бойынша білім сапасының көрсеткіші 52%. Мектепте спорттық секция мен кружоктар жұмыс жасайды, барлық оқушылар 100% қамтылды.

2 мәселе Кеңес мүшесі Серимбаева А. сөз алды: Жаңа жылдық мерекесін ұйымдастыруға көмектесу мақсатында демеушілер тарапынан мектепке жаңа шырша алу қажет.

3 мәселе Мектеп әлеуметтік педагогы Жубатканова Н. сөз сөйледі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 198 бұйрығына 6-қосымша негізінде «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бойынша биылғы оқу жылында мектебімізде ыстық тамақпен 16 оқушы қамтамасыз етілді. Және де ол оқушылардың негізгі құрамы әлеуметтік жан басына шаққандағы табысы күн көріс деңгейінен төмен, мүмкіндігі шектеулі, мүгедек, қолайсыз отбасы, жетім, көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларды құрайтындығын айтты. Сонымен қатар ыстық тамақтың сапалық құрамын тексеретін бракераждық, мониторингтік комиссия жұмыс жасайды, айына бір рет тексеріс жасайды және бір балаға арналған тамақтың құны-357,14 теңгені құрайды. Асханада мектеп мұғалімдері мен әкімшілік кезекшілік кестесі бекітіліп, сол бойынша кезекшілік жұмыс жасайды. Шешімі:

1. Мектепті жаңа жылдық шыршамен қамтамасыз ету мақсатында демеушілер іздеу кеңес мүшелеріне жүктелсін.
2. Жоғарады көрсетілген тізімге кіретін оқушыларды ыстық тамақпен толық қамтамасыз етуді қадағалансын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Хатшы:

Абдиров М.

Жұбатқан Г

